

**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 5 «в» сыныбында
2021 -2022 оқу жылының жылдық жұмыстары жөнінде хабарлама**


5 в сыныбында барлығы 19 оқушы.Оның 9-ер бала, 10-қыз бала.Оқу озаттары – 3. Мектепшілік есепте тұрған оқушы жоқ. Сыныптың әлеуметтік жағдайы жақсы.

2021 -2022 оқу жылының басында тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып ,бекітілді.Тәрбие жоспары 8 бағытта жасалды.

- 1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие,құқықтық тәрбие.
- 2.Рухани адамгершілік тәрбиесі.
- 3.Ұлттық тәрбие.
- 4.Отбасы тәрбиесі.
- 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
- 7.Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие.
- 8.Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай мақсат, міндеттері басшылыққа алына отырып құрылды.Жоспарға сай барлық тәрбие сағаттары өткізіліп анықтамасы жазылды.Сынып белсенділері Жарасова Аяулым, Болатова Кәусар, Көшенова Айгерім сынды оқушылар өздеріне жүктелген міндеттерін жақсы атқарды.Оқушылар мектептегі және мәдениет үйіндегі шараларға белсене қатысты.Сынып оқушылары аудандық ,облыстық кезең бойынша спорттық шараларға да қатысып өздерін жақсы жақтарынан көрсете білді.Атап айтар болсақ К.Болатова, А.Сәбит воллейболдан, Н.Жүзбаев еркін күрестен жүлделі орындарға ие болды.Сонымен қатар ата-аналармен де жұмыстар жоспарға сай өткізіліп отырды.

Сынып жетекшісі:



Ж.К.Касенова